

Білімді бағалау әдістері

**Клара Қабылғазина,
әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті, журналистика факультеті,
филол.ғыл.кандидаты, ассоциир профессор**

Білімгер білімін бақылау және бағалау мәселелері әлмисақтан ғылыми дәлелденіп, тәжірибеде қолданылып, қалыптасқан принциптер негізінде жүргізіліп келе жатқаны мәлім. Қандай пәнді жүргізбесін кез келген педагогтің міндеті сол пәннің болмысын білімгер санасына жеткізе алуы және ақиқи бағалауы болмақ. Мен жүргізетін негізгі пән «Радиожурналистика» деп аталады. Пәннің мақсаты - студенттерді радиожурналистиканың ерекшелік сипаттарымен, радионың пайда болу және хабар таратудың дамуымен, Қазақ радиосының даму кезеңдерімен, жұмыс істеу әдістерімен, радиохабар әзірлеудің шығармашылық процесімен, жанрлары және пішіндерімен, радиожурналистиң еңбек қарым-қатынастарын реттейтін кәсіби-этикалық ережелермен және қағидаларымен, радиожурналистиканың қазіргі теориялық мәселелері мен тәсілдерін үйрету. Оқу бағдарламасы бойынша радионың ерекшеліктері, оны пайдаланудың маңызы мен қажеттігі, қазіргі қоғамдағы саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени рөлі, мәні ашылуға тиіс. Семестр бойы радиоға тән ерекшеліктер, Қазақстанда радиохабар таратудың даму кезеңдері, құрылымы, оның жанрлары мен пішіндері, радиохабарларды әзірлеу әдіс-тәсілдері, әуе толқынындағы ақпараттың мазмұны мен оны байытудың жолдары оқытылады. Пәнді оқыту міндеті - әр түрлі сипаттағы радио компаниялар үшін хабарлар даярлайтын, өндайтін және тарата алатын болашақ мамандардың біліктілігін қалыптастыру. Радиоарнада жұмыс істеуге, қажетті ақпаратын табуға, әр түрлі жанрлар мен стильдерді қолданып хабарлар жасауға, тікелей эфирде бағдарлама жүргізуге және радиоақпараттың сапасын бағалай білуге бағыттау. Пәнді оқу барысында студент білуге тиісті жайлар мыналар: БАҚ жүйесіндегі радионың өзіндік ерекшелігін; радионың бейнелеуіш құралдарын; әлемдік және қазақстандық радиотарату ісінің тарихын; радиожурналистиканың жанрлары мен пішіндерін; радиожурналист қызметін реттеудің қазіргі заманғы құқықтық жүйесі; радиотындарман психологиясына радионың әсер ету ерекшеліктері, хабарды кеңінен таратудың әдіс-тәсілдері. Оқыту барысында дәрістермен қатар тәжірибелік сабактар да қарастырылады, оларда БАҚ жүйесіндегі радионың ерекшелігін, ақпаратты беру тәсілдерін, тілі мен стилін, радиоарналар жұмысын табысты жүргізудің принциптерін; ақпаратты жинау, өндеу және таратудың негіздерін студенттердің менгеруіне көніл бөлінеді.

Білімді бағалау саясаты - ұстаз беделіне, тіпті оқу орнының имиджіне әсер ететін мәселе. Шәкірт білімін бағалауда ең бастысы әділдік, шыншылдық қажет. Яғни оқу семестрі басталысымен- ақ тапсырмалар жүйеленіп, оған қойылатын бағалар алдын-ала ескертіліп қойылуы керек. Менің тәжірибемде әр тапсырмаға 1 дең 10 баллға дейін қойылады. Бағалау кезінде жүйелік, бірізділік - әрбір сабак, тақырып бойынша қолданылуы қажет. Оқу процесінің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізу керек және ол сол сәтте бағаланып отырылуы тиіс. Негізгі тақырыптар бойынша оқыту нәтижесін қорытындылау, тақырыптық бақылау, лабораториялық сабактар бойынша балл қою жариялыштық түрінде жүзеге асырылғаны жөн. Пәнге қатысты қосымша материалдарды көбірек ұсыну арқылы негізгі тақырыптардан төмен баға алушы шәкірттердің жоғары баллға қол жеткізуіне мүмкіндік жасалады. Мысалы, «Радио күні» деген ресейлік көркем фильмді ұсына отырып, радиожурналистер өмірінен мағлұмат беру тиімді болмақ әрі болашақ мамандығының қызығы мен қындығын сезінулеріне жол

ашады. Келесі тәсіл - бір тақырыпты беріп, соған мәселе көтере білуді үйімдастыру. Мысалы, студенттер талқылаған «Кеш үйлену сән бе, әлде мәжбүрлік пе?» деген тақырыптың төңірегінде болған пікір алысулар тіпті әлеуметтік желілерде де жалғасып жатты. Мұндай әлеуметтік тақырыптарды қозғаудың да пайдалы жақтары бар.

«Мамалар» деген ресейлік фильмді көрсете отырып, мақала жазуда немесе сценарий дайындауда мәселені әр қырынан ашуды үйретуге болады. Аталған фильмде ана образы жеті түрлі сюжет арқылы ашылады. Сол тәсілді мақала жазуда қолдану жақсы нәтиже береді. Сонымен қатар, зертханалық жұмысты далада жалғастырып, адамдардан сұқбат алуға дағдыландыру және сол респонденттердің жауаптарын негізге ала отырып, мақала дайындаудың да берері мол. «Дәстүрлі журналистика мен онлайн журналистика серіктес бола ма әлде дәстүрлі журналистика жойыла ма?» деген тақырыпта мәселе көтеру түрінде ашық сабак өткізу де аса табысты болды, екі топқа бөлініп, өз ойларын дәлелдеген студенттердің сабакта пікір білдіруіне орай бағаланды.

Сонымен қатар, жеке-дара қатынас жасау арқылы әрбір білімгердің ерекшелігін - қабілеті, бейімділігі, денсаулығы, оқу әрекеті т.б. бойынша да бағалауды қарастырған жөн. Бұлай бағалау олардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық біліктілігін бақылауды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылған әдістер бойынша бағалау ең алдымен бақылаудың сенімділігін арттырады және бақылауда әр түрлі қателіктер мен сәтсіздіктердің болмауына кепілдік жасайды.

Шәкірттердің білімдерін, біліктерін және дағдыларын бақылау, бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. Мысалы, ауызша баяндау, жазба бақылау жұмыстары, лабораториялық жұмыстар орынданату арқылы да бағалау. Аудиторияға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Кейде, кейбір білімгерлер түрлі себептерге байланысты (сабак жіберу, нашар үлгеру, ауыру т.б.), қосымша көмекті қажет етулері мүмкін. Сондықтан, олардың жұмысын ерекше еске алған жөн.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Жеке дара бақылауда оқушылар мағлұматының бірізділігі, олар өз пікірлерін қалай дәлелдейді, соған көніл аудару керек.

Баға білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал ретінде де рөл атқарады. Сондықтан, шәкірт білімін бағалауда неміс қорытынушылардың салынуға болмайды. Баға "балл" есебінде көрсетіледі. "10" балл - оқу материалын толық менгерген, дәл, логикалық бірізділікпен айтылған жауапқа қойылады. Екі арасындағы көрсеткіштер жұмыстың сапасына немесе жауапқа қарай бағаланады. Емтихан - оқушылардың білімін қорытынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы. Оның жазбаша түрде өткізіліп, әрі басқа дәріскердің қолымен тексерілуі де объективті бағалауға негіз болады.

Әл Фараби атындағы Қазақ Үлттық университетінде қолданылып отырган бағалау саясаты әділ әрі шыншыл талаптар үдесінен шығуға ұмтылдырады. Электронды журналды семестр бойы жүргізіп отыру коррупцияның, жең ұшынан жалғасушылықтың, заңсыз баға қоюшылықтың алдын алады. Семестр бойы сұрақтарға жауап бермеген, ешқандай зертханалық жұмыстарды орындаған, бақылау және жазба жұмыстарын жазбаған, сабакқа қатыспаған сияқты

мәселелердің электронды журналда нақты көрініс табуы шәкірттің белсенділігінің дәрежесін айғақтайды. Яғни, еліміздің болашағы интеллектуалды, білімді жастардың қолында десек, білім сапасын сараптауда тиянақты білім беру және әділетті бағалау үнемі назарда болуы тиіс.